

1 2007
27к

БАЙМЕНШЕ С.

ЗЕРГЕРДІН
ЗЕРТХАНАСЫ



Байменше С.

ЗЕРГЕРДІҢ ЗЕРТХАНАСЫ

Әдеби-тарихи эсселер



**“Сөздік-Словарь”
2005**

ББК 83.3 Қаз
Б17

Байменше Серікқали.

Б 17 Зергердің зертханасы. Әдеби-тарихи эсселер. —“Сөздік-Словарь”. Алматы. — 192 бет.

ISBN 9965-409-78-1

Филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменшенің бұл кітабында қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлиннің шығармашылық лабораториясының қызықты ерекшеліктері ашылады. Осы тақырыппен ұзақ жылдардан бері айналысып келе жатқан автор жазушы туындыларының шығармашылық тарихын таразылайды, көрнекті қаламгердің тақырып табу, материал жинау, өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру сырларына үңіледі, жекелеген шығармаларының тарихи-творчестволық тағдырын баяндайды, қаламгерлер арасындағы шығармашылық туыстық сабақтарын саралайды, зертхананың зейінді, тағылымды парақтарын тарқата баяндап, талдайды һәм жинақтап, ой қорытады.

Зерттеу деректерінің сонылығы, автордың өзіндік жаңаша ой-пікірлері кітап мазмұнын байытып, қалың оқырманның көңілінен шығатыны сөзсіз.

ББК 83.3 Қаз

Б 4603020102
00(05)-02

ISBN 9965-409-78-1

© Байменше Серікқали., 2005
© “Сөздік-Словарь”. 2005

АУДАРМАШЫ ҺӘМ ОНЫҢ АУДАРМАСЫ

Сөз өнерінің кез келген саласында, барлық жанрда жалықпай қалам тербеген көрнекті жазушымыз Бейімбет Майлиннің соңында қалған ұлан-ғайыр мұрасының елеулі бөлігін оның аударма еңбектері құрайды. Әсіресе өткен ғасырдың отызыншы жылдарының бас кезінде ол қаламгерліктегі бейтарап қалыпты бейнелей алатын аудармашылықты аз уақыт қанағат тұтыпты. Өйткені осы тұстағы қоғамда болып жатқан өзгерістер, халық өмірінде туындаған қиыншылықтар, сондай-ақ, жазушының өз өмірбаяны мен шығармашылығы хақында біржақты айтылып, солақай баға берген кейбір жарияланымдар Бейімбеттің жүрдек қаламының жүрісін тежеген тәрізді. Соның өзінде ол қаламгерліктің бұл өрісін кездейсоқтыққа баламай, талант қабілетін барынша танытуға тырысқанына соңында қалған сөз мұрасы куә. Талантты жазушының тәржімелік тәжірибелеріне осы уақытқа дейін зерттеушілер тарапынан зер салынбағаны және рас.

Бейімбет аудармаға қалай келді? Ең алдымен, оның аудармашылық тәжірибесі газет-журнал жұмысында, баспа ісінде қалыптасты. Мерзімдік басылымының жедел қызметі әр түрлі қаулы-қарарлардан бастап көлемді жарияланымдарға дейінгі талай дүниелерді ана тілінде сөйлетуге үйретті. 1924 жылғы 1 қыркүйекте Қостанайдың “Ауыл” газетінде жарияланған “Ауылдың” жүрегі һәм жұлыны” атты Бейімбет туралы мақалада оның газет үшін керекті шағын хабарларды “Советская степь” газетінен теріп алып, аударып, жариялап отыратындығы жөнінде дерек бар. Сондай-ақ, кітап баспасында жұмыс істей жүріп, әріптес-қаламгерлермен бірге оқулықтар жазғанда, күнтізбелік жинақтар құрастыру кезінде орыс тілді әдебиетке жүгінбей қалған жоқ. Ол аудармаға үйрену, үлгі алу мектебі Ыретінде қарай отырып, әдебиеттің мұндай түрінің жалпы қазақ оқырманын идеялық-саяси, мәдени-рухани тұрғыда жан-жақты жетілуге бастайтын ықпалын сезіне білді.

“Жаршы” журналының 1931 жылғы 7-нөмірінде “Малай” деген бүркеншік есім қойылған “Тесла олқылықты жою жолында” деген жарияланым бар. Бұл — Бейімбеттің аударма еңбегі, әрине. 1932 жылғы “Әдебиет майданы” журналында В.Воробьевтің “Шойынды сүю” атты әңгімесі орысшадан

тәржімеленіпті. Мұны да Бейімбеттің аударма саласындағы белгісіз еңбектерінің бірі деп білеміз. Осы соңғы аударма жазушының өзіне де, оқырмандарға да өндіріс өмірін ұғынуға, өнеркәсіптің ерекшеліктерін түсінуге жәрдемдескен тәрізді. Әрі жазушының Шымкент қорғасын зауытына, Қарағанды көмір кенішіне сапары алдындағы творчестволық әзірлігі сияқты.

Бейімбет Майлиннің алғашқы аударма еңбегі — В.Бонч-Бруевичтің “Жолдас Ленинге қастық” атты кітапшасы. Ол Алматыдағы “Қазақстан” баспасынан 1932 жылы үш мың дана таралыммен басылып шықты. Бұл еңбектің бүгінде саяси-тақырыптық мән-маңызы төмендегенімен, аудармашының кәсіби қабілетін танып-білуге септесетін сәттері де жоқ емес. Себебі, осы шамада бұл кітапшаны Ташкент қаласынан Өзбекстанның мемлекеттік баспасы да қазақша шығарған болатын (аудармашы Сарыбаева). Осы екі аударманы салыстырып қарау арқылы тәржімелеу тәжірибесінің Бейімбетке тән кейбір үлгілерін көре аламыз.

Отызыншы жылдары Бейімбет орыс жазушысы Н.Островскийдің танымал шығармасын аударды. Күрделі романның ол аударған нұсқалары “Дауылда туғандар”, “Дауылдан туғандар” деген атпен 1937 жылы “Әдебиет майданы” журналының бірнеше санында, “Лениншіл жас” газетінің 29- нөмірінде жарық көрді, бірақ сол жарияланған күйінде қалып қойды...

Аталмыш еңбектердің мазмұнымен танысып шыққанда, аудармашының түпнұсқадан ауытқымай, сөз бен ұғымды дәл беруге ұмтылатын, көп жағдайда оқырманының сауат-білім дәрежесін ескеріп отыратын ерекшелігі байқалады. Бұған өткен ғасырдың отызыншы жылдарында қаламынан туған және бір маңызды аударма еңбегін саралау арқылы көз жеткізе аламыз.

Ол — П.М.Быковтың “Последние дни Романовых” атты кітабы. Бірінші рет 1926 жылы Свердловск қаласында басылып шыққан бұл еңбек 1930 жылы Мәскеуде қайта басылды. Оның басқа қандай ұлт тілдеріне аударылғаны белгісіз, бірақ алғашқы кезеңде қазақшаланғаны шындық. Алайда көп ұзамай бұл кітапты оқуға тыйым салынды. Сөйтіп, орыс тілінде екі рет басылып шыққанымен, отызыншы жылдардың орта шеніндегі осы шеттету салдарынан алпыс жылдай жабық жатты.

Кітаптың орыс тіліндегі үшінші басылымын 1990 жылы гана Свердловск қаласында жүзеге асыруға мүмкіндік туды, келесі жылы ол көптеген фотосуреттермен толықтырылып, Мәскеу қаласында қайта басылды. Тіпті 1991 жылы Қазақстанда да 100 мың дана таралыммен орыс тілінде жарық көрді.

Міне, осындай ұзын-ырға хикаясы бар кітаптың қазақша нұсқасы Қазақстанда бірінші рет 1932 жылы Бейімбет Майлиннің аударуымен жарық көрді. Оны Алматыдағы “Қазақстан” баспасы үш мың дана таралыммен басып шығарды.

Кітап авторы — Павел Михайлович Быков (1881-1953) — Ресейде ХХ ғасырда болған үш төңкеріске және азамат соғысына қатысқан, 1917-1918 жылдары Уралдағы Екатеринбург жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің төрағасы болған адам. Ол Ресей патшасы мен оның отбасы мүшелерінің тағдырына тікелей араласқан, сол кездегі жалпы жағдайды көзбен көріп, көңілден өткізген, оқиғалардың басы-қасында жүрген. Бірақ бұл еңбегінде өзінің тікелей қатысын көрсетпеген, керісінше болған оқиғаны хронологиялық ретпен баяндап қана берген.

1926 жылы П.М. Быковтың кітабы жарық көргенге дейін Ресейде және шет елдерде Николай патшаның тағдырына байланысты бірталай кітап басылып шықты. Бұларда әр түрлі пікірлер мен болжамдар айтылып, оқиғалардың барысына қилы-қилы баға берілді. П. Быков еңбегінде бұл басылымдарға тікелей сілтеме жасалады. Ал Б.Майлин аударған қазақ тіліндегі нұсқасында мұндай сілтемелер нақты көрсетілмейді, дәйексөздер көбінесе “Пуришкевичтің айтуына қарағанда”, “Генерал Курлов сөзіне қарағанда” деген сияқты баяндаулармен беріледі. Біздіңше, бұл — аудармашының оқырманның қабылдауын басқа тілдегі әр түрлі атаулармен ауырлатпай, оның сол кездегі білім-түсінік дәрежесін ескеру нәтижесінен тапқан тәсілі болса керек.

Кітапта баяндалатын оқиғалар 1917 жылғы ақпан төңкерісі қарсаңынан бастау алып, патшалықтың құлауы, Романовтар тұқымының тұтқынға алынуы, Тобыл қаласына жер аударылуы арқылы дамытылып, ең соңында патша әулетін ату әрекетіне дейін созылады. Баяндау барысында сол кездегі таптық көзқарас басым тұрғанына қарамастан, автор тарихи дәлдікті сақтай отырып, нақты жағдайды осыған тікелей қатысты адамдар пікірлерімен пысықтайды.

Әдетте мұндай саяси бояуы, таптық таңбасы айқын көрініп тұрған еңбекті кез келген баспаның өз бетінше аударып шығара алмайтыны белгілі. Шамасы, Қазақстанды Голощекин билеп тұрған заманда осы кітапты аударып шығару жөнінде жоғары билік органдарынан баспаға арнаулы тапсырма берілген тәрізді. Тіпті кітапты басқа адам емес, Бейімбет Майлиннің тікелей өзінің аударуының қажеттігі жөнінде нұсқау берілуі мүмкін екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Өйткені орысша мәтінде жай ғана “И. Голощекин” деп аталған адамның қазақша нұсқасында “Голощекин жолдас” деп бірнеше мәрте аталуы нақ осы баспа мен аудармашыға саяси тапсырыс берілуі мүмкін деген ойды терістемейтін сияқты.

Ал бұл кезде Қазақстанды қан қақсатқан Голощекиннің саяси беделі түсіп бара жатты, ойдан шығарған “кіші қазанының” ақыры жаппай аштыққа ұрындырып, байырғы халықтың басым бөлігінің қырылуына әкеліп соқтырды. Сондай сәтте оның бір кездегі “революция ісіне берілгендігі, шынайы лениншілдігі, жұмысшы табының жауы Николай патша мен оның отбасын о дүниеге аттандырған ерлігі” еске түспей қалар ма? Өзіне саяси бедел жинау үшін, бұрынғы “қайтпас қайсарлығы” туралы жазылған еңбектің қазақша жарық көруіне Голощекиннің өзі тікелей мүдделі болмады деп, сол арқылы халық арасында “қу жақ” атанып, құлдырап кеткен басшылық беделін сәл де болса тіктеп алуды тілемеді деп кім айтар?!

Урал кеңесінде Николай патшаны ату керек деген пікір туғанда, көпшілік бұл жұмысты істеу үшін Орталықпен сөйлесуді қолдайды. Орталықпен сөйлесуге Голощекин жіберіледі. Мәскеу мәселені ашық сотпен тергеп барып тиянақтауды ұсынып, Голощекинге кейін қайтып, шілде айының аяғына дейін сот сессиясын әзірлеуді тапсырады. Бірақ Уралдың облыстық кеңесі сот құру сол кездегі азамат соғысының күрделі қиыншылығына байланысты мүмкін емес деп тауып, Романовтарды атуға қаулы шығарады. Және үкім орындалғаннан кейін осы хабарды Мәскеуге жеткізушілердің бірі де Голощекин болады.

Міне, П.М.Быков кітабының қазақшалану сырын осылай түсінеміз.

Соған қарамастан, жалпы танымдық тұрғыдан келгенде, 1917 жылғы қос төңкерістің әсерінен Ресей бастан кешкен

бұл күрмеулі кезең, орыс патшасы Романовтың тағдыры — өзара байланысты оқиғалардың шежіресі. Мұнда төңкерістер қарсаңындағы саяси ахуал, патшаның тақтан түсуінің объективтік себептері, патша әулетінің биліктен шеттетілуі, олардың тұтқында болған кезі сияқты көп айтылып, көп жазыла бермейтін жайттар баяндалған. Тектес тақырыптың қазақ тіліндегі баспа өнімдері арасынан көбірек ұшыраспайтынын ескерсек, Бейімбет Майлин аударған бұл еңбектің бір кездегі қилы-қилы тарихты біле жүрсем деген адамға артықтық етпейтіні аян.

Жалпы аударма еңбектің сапалық қасиеттері қандай? Біріншіден, жазушы еркін аудару әдісін қолданған. Өйткені отызыншы жылдар оқырманына күрделі түсініктен гөрі қарапайым баяндалған нәрсе ұғымды. Аудармадағы осы еркіндік бүкіл мәтінге тән.

Екіншіден, аудармада көптеген терминдер, жер-су, адам аттары түгелдей қазақша айтылуы бойынша жазылған, бұл сол кездегі оқырманға лайықты болғанмен, бүгінгі оқушы үшін кері әсер тудыруы мүмкін. Соған байланысты, қайта басылымын әзірлеу барысында бізге осы емлелік ерекшеліктерді ескеріп, жеке сөздерді, атауларды, кісі есімдерін қалыптасқан үрдіске көшіруге тура келді (Мысалы, Романып-Романов, әпесер-офицер, есер-эсер, манарқыст-монархист, кәдет-кадет, земиства-земство, Неколай-Николай, Орал — Урал, кінәз-князь, Галетсина — Галиция, Көрлов-Курлов, Гөшков-Гучков, Покрау-Покровск, Башалино-Бочалино, Бағданыш-Богданович, Әдес-Одесса, Алапайып-Алапаевск, Коптак, Коптек-Коптяки, Белтон-Вильтон, Сакубыш-Сакович, Жүсіпұлы — Юсупов, Камшат-Камчатка, ғынуар-январь, пебірал-февраль, т.б.).

Орысша мәтінде адамның аты-жөні бас әріптері қойылып (мысалы, П.Н.Милюков, В.Шульгин, т.б.) жазылса, аудармашы олардың фамилиясын ғана алып, қазақша айтылуы бойынша ғана жазған (Мелюков, Шөлгин, т.б.). Қайта шығарған кезде бұл фамилияларды да орысша мәтін бойынша беруге тура келді.

Сондай-ақ, бірқатар орыс сөздерінің сол кезде лайықты баламасы болмағандықтан қазақша айтылуы бойынша жазылғаны байқалады. Бұған аударма мәтінінде кездесіп қалатын

мына сөздерді жатқызуға болады: күрежек, мәстірской, нәшәндік, ушител, стена, бәнке, әтірет, дәкумент, кладовой, распеске, повыр, сталабай, әбед, кәтілет, мүйнет, оборный, план, шопыр, исполком, параход, ветке, генеральный штаб, іследівітіл, телграм, погіреб, т.б. Бұлар да қазіргі жазу тәртібі сақталып әрі орныққан аударма-баламаларымен берілді.

Осы еңбекті қазақшалау барысында жазушының бірер баламаға барғаны да байқалады. Айталық, “пайтақыт” деген сөзді “придворная”, “дворцовый”, “династия” сөздерінің жалпы мағынасы ретінде бірнеше мәрте қолданып, мәтін ішінде “пайтақыт маңайындағылар”, “пайтақытты құлатудың”, “пайтақыт маңында” деген сияқты үлгілерде жазыпты. Біздің шамалауымызша, “пайтақыт” — көп қолданылмайтын сөз, ол — “патша тағы маңайында”, “патша тағы” деген ұғымға сәйкес келеді. Тілімізде жиі кездеспейтін “пайтақыт” сөзін болашақта осындай тектес ұғымның атауышы ретінде пайдалануға болар еді.

Бейімбет аударма жасаған кезде “общественные”, “общество”, “гражданская” сөздерінің дәл бүгінгідей нақты баламасы бола қойған жоқ. Олар әр түрлі аударылып жүрді. “Общество” көбінесе “жұртшылық”, “әлеумет” сөздерімен байланыстыра айтылып келді. Бейімбет те бұдан алыс кетпепті. Мысалы, “общественные организации” деген сөздерді “әлеуметтік ұйымдар” деп аударған, “гражданская война” сөздерін “әлеумет соғысы” деп алған.

Ал “буржуазия” сөзі тұтастай “байлар” деп берілсе, “монархист” бірде “патшашыл”, бірде “манарқыст” болып жазылған. Аудармашы үшін “оппозиция” сөзін “жік” деп алған қолайлы көрініпті; “переворот” — бірде “өзгеріс”, бірде — “төңкеріс”; демонстрация — қыр көрсету; анархия — бассыздық, совещание — мәжіліс; корь — қорасан; корона — тәж-тақыт; жена — қатыны; муж — байы; Англия — Ағылшын елі; округ — өлке; настойчивость — өжелену; олень — арқар; вино — қымбатты арақ; назначение — сайлану, белгілеу; икона — сүтірет; банкир — бәнке иесі; подстрекательство — құтырту; доктор — үлектір, т.б.

Сондай-ақ, аудармашының бір сөздің баламасын бірнеше үлгіде алған сәті де бар. Аударманың алғашқы үш тарауы, мысалы, “тармақ” деп қазақшаланса, бұдан кейін қайтадан

“тарау” деп аталған. “Глава” сөзі бүгінде “тарау” болып орныққаны мәлім. Сол сияқты “областной” сөзі мәтіннің алғашқы беттерінде “аймақтық” болып келеді де, кейінгі жақтарында “облыстық” болып жазылған. Ал “верст” сөзі бастапқыда “метр” деп аударылыпты да, кейінірек “шақырым” болып тұрақтапты. Біз мұндай жайттарға, жазушының өзі айтқандай, “кестесін келтіруге”, уақыттың тапшылығы әсер еткен болар деп болжаймыз.

Тұтастай алғанда, аударманың түпнұсқадан түбегейлі айырмашылығы жоқ. Мәтіндік материал толық қамтылған. Автор еркін аудару принципін ұстана отырып, кейбір сәттерде дерек-дәйегі көп, қарапайым оқырманның есте ұстауы қиын тұстарды өз сөзімен баяндап шығады немесе төл сөздерді төлеу сөзге айналдырып жазады, кейде тұтас сымбалды (абзацты) қысқарта түсіндіріп өтеді. Бұдан түпнұсқаға елеулі нұқсан келмеген.

Ал кітаптың 1926 және 1930 жылғы орыс тіліндегі екі шығарылымында кездесетін өзгешелік — соңғы басылымына бірер сымбалдың қосылғаны. Шамасы, бұл алғашқы шығарылымнан түсіп қалған немесе кейін қосылған толықтыру болса керек. Бұл қосылған мәтін мазмұны негізінен Романовтар тұқымын құтқару туралы жасалған әрекеттердің біртектес мысалын және патша күнделігінің бір үзіндісін ғана қамтиды. Сондай-ақ, 1930 жылғы басылымның ең соңына “Үстіндік алғанның белгісі есебінде Екатеринбордың жанында (қазірде Свердловск аталады) Николайдың сүйегі шіріген жерде ірі машина зауыты салынып, мемлекетімізді ірі өнерлі кәсіпке айналдыратын күшті орынның бірі болып отыр” деген сөздер қосылған.

Жалпы Бейімбет Майлиннің аудармаларын оның қаламгерлік зертхана қазыналарынан бөліп қарауға болмайды. Бұл сөз өнеріндегі өзіндік дербес саласы. Жазушының болашақта жарық көруден үмітті жаңа жинақтарынан осы аударма еңбектері де өзінің лайықты орнын алады деген сенеміз. Соның бастамасы ретінде — Бейімбеттің белгісіз мұрасымен қазақ оқырманын жетпіс жылдан кейін жүздестіруді көздеген Астанадағы “Елорда” баспасы “Романовтардың соңғы күндері” атты еңбекті біздің әзірлеуімізбен қайта басып шығарды (2002).

ҚАЛАМГЕРДІҢ ҚҰНДАҚТЫ ҚАЗЫНАСЫ

Қаламгердің алтын құндақты асыл қазынасы – сөз екені мәлім. “Көкірегі көркем сөз зауытындай” деп Дихан-Баба Әбілев бағалаған белгілі жазушы-журналист, драматург-редактор, баспагер-аудармашы Бейімбет Майлыұлының да қаламгерлік зертханасының сыр ұшығын осы сөздері таратады. “Көне мақал көп жасайды” дегендей, бүгінде Бейімбет Майлыұлының кеңестік тапшыл заман тұсындағы көсем һәм көркем сөздегі мұрасына сыздана қараушылар шаң беріп қалатынына қарамастан, бәрібір сол кезеңдегі сөздерді сандықтан шығаруға тура келеді. Өйткені сөз мұрасының көлемі де, көптігі де осы дәуірге тиесілі. Кеңестік зерттеушілер сан мәрте саралаған жүрдек қаламның тілге тілмаш бола білген шешендігі мен шеберлігі өткен тарихтың тұлғасында жатыр. Жоқтан жонып сөйлемей-ақ, сол есте жүрген ескі сөздерден – жазушының өз мұрасынан бастайық.

Қазақы сөздің қадірін білетін Бейімбет Майлин сынды қаламгердің тіл байлығына тереңдеуді, жазушының сөз қолдану орайындағы үрдістеріне үңілуді медет тұтқан зерттеулер әлі де жетімсіз екендігін мойындай отырып, өз тарапымыздан жазушының сөз саптау мәнерін бірнеше бағытта қарастыру мүмкіндігі бар екендігін білдірмекпіз.

Бірінші бағыт – оның “Бейімбеттің өлеңдері” деп аталған тұңғыш жинағына дәйектеме (алғы сөз) жазған сол кездегі “Еңбекші қазақ” газетінің редакторы, белгілі қоғам қайраткері және танымал қаламгер Смағұл Сәдуақасовтың 1925 жылғы пікірімен тығыз байланысты. Мұнда алғаш рет Бейімбет өлеңдерінің тақырыбына ғана емес, сонымен бірге тіліне де назар аударылды. “Бейімбеттің ауылдан алған кемшілік мінезінің бірі, — дейді Смағұл, — діни сөздерді көбірек қолданатындығы. Бұл мінез ауруы емес, әдеті. Кейбір кезде еріксіз “алда” деп жіберетін орыстардың әдеті сықылды”.

Смағұл аңдатқан діни сөздерді жиі пайдалану әдетін жазушы 1912-1925 жылдар шамасында ұстанып келді және ол шығармашылығындағы белгілі бір ерекшелік ретінде қалыптасты. Тырнақалды туындыларының бірін “Мұсылмандық белгісі” деп атауы және осы һәм басқа да жырларында көбірек кездесетін “құлдық”, “сена”, “бес намаз”, “қажы, сопы”, “Меке”, “зекет”, “таспих”, “жұмақ”, “зікір”, “мүрит”, “құрбан

шалу”, “алла”, “ақсарбас”, “біссімиллә”, “дұға”, т.б. діни сөздер бұған нақты мысал.

Жазушының бірте-бірте бұл сарыннан арыла бастауы, оның есесіне басқа тілден, атап айтқанда орыс тілінен енген сөздерге ден қоюы — сөзстанның екінші бағытын айқындайды. Баспа бетін тұңғыш көрген әрі көп уақытқа дейін оқырман назарына түспеген “Ыштат” өлеңінің атауы орыс сөзінен шыққан. Осы он шумақ өлеңінде ол қазақ тұрмысындағы болыс сайлау науқанының (ел “ыштат” деп атаған) шын бейнесін ашуға тырысады.

Алайда жазушы мұрасынан орысша сөздердің бірнеше нысанда қолданылғаны байқалады. 1923 жылға дейінгі өлеңдерінен “магнит”, “мода”, “минут”, “партия”, “съезд”, “пальто”, “тройка”, “земство”, “уезд”, “спектакль”, “идея” сияқты сөздер көбірек ұшырасса, одан бергі шығармаларынан қоғам мен заманның өктем талабына орайлас еріксіз қолдануға тиіс болған “делегат”, “команда”, “налог”, “кругом”, “контр”, “протокол”, “постановление”, “РКП (б)”, “коммунизм”, “комсомол”, “пионер”, “план”, “кооператив”, “срок” тәрізді сөздер жиі кездеседі. Осылайша орыс тілінің сөздігін өзгертпей, сол қалпында алуы жеке әдіс ретінде көбірек көрінсе, кейіннен осы сөздерді қазақы ұғымға сәйкестендіріп қолдану тәсілі басым түсе бастады. Мұның бір мысалын “конфискация” сөзіне байланысты былай білдіреді:

“Ұзамай аудан өкілі келді. “Көнпеске” деген сөз тарады. “Көнпескенің” не деген сөз екенін ел бірінші рет есітті. Бірақ жат көріп тұрған ешкім жоқ. Бала-шағаға шейін ауыздары жыпылдасып айтып жүр. Мағынасы да түсінікті болып қалды. Бірер сағаттың ішінде бұл ауылдың бұрынғы төл сөзінің қатарына да кіріп үлгірді...” (“Сары ала тон” әңгімесінен).

Бүгінде “тәркілеу” деп тәржімеленген осы “көнпеске” сияқты ондаған орыс сөздері Бейімбеттің қаламымен қазақтың төл сөзінің қатарына кірді. Яғни мұндай сөздерді айтылуы бойынша әрқилы ала отырып, автор олардың мағыналық жағынан ана тілімізде болуға тиісті баламалық-терминдік рөлін күшейтті. Бұған әсіресе мына сөздерді жатқызуға болады: “манапас”, “манапес” (манифест), “іреселнай” (рассыльный), “штараф” (штраф), “песір” (писарь), “збор” (сбор), “зәкүн” (закон), “кәмперке” (конфорка), “камсамал” (комсомол), “ме-

летсе” (милиция), “көріс” (курс), “жалунжа”, “жалонжа” (жалованье), “земленке” (землянка), “слабода” (свобода), “әтірет” (отряд), “піргеуер” (приговор), “пөлке” (полка), “сүйкент” (секунд), “арыстауын”, “ырыстауын” (арестован), “ысқот” (сход), “өкірік” (округ), “кәллек” (коллектив), “бәлшебек” (большевик), “бұйра” (бюро), “атпекет” (адвокат), “почот кираждан” (почетный гражданин), “іспейсек” (список), “ушител” (учитель), “майкөт” (байкот), “слидител” (следователь), “дабробол” (добровольный), “емение” (мнение), “әт-метке” (отметка), т.б.

Сырт көзге бұл сөздердің тіпті осылай айтылуы бойынша, емлесі сақталмай жазылғанының өзі нақты мәтіннен тысқары тұрған өзгеше оқшаулануды аңғартпайды. Есесіне егер осылай тұздықталмаса сөйлемнің сәні де, әрі де кірмейтіндей әсер қалдырады. Мұны Ғабит Мүсірепов айтқандай, “әр кейіпкердің ғана емес, суреттелер әр оқиғаның өзіндік стилі, тілі болуы керек деп қарайтын” Бейімбеттің өзіне тән мәнеріне ғана тели аламыз.

Сөз сиқырын кейіпкер есімдерімен көрсететін, кең таралған мақал-мәтелдерді, сирек айтылатын тұрақты тіркестерді сәтімен қолданып отыратын жазушы шығармашылық процесте сонымен бірге өзіне ғана тән сүйікті сөздерін, үйреншікті тіркестерін, орайлы қайырымдарын орнықтырды. Мұндай қолданыс — ол үшін оңтайлы болған әрі стильдік дәрежеге дейін жеткен ерекшелік. Олай болса, бұл өзіндік мәнері сөз қолдану орайындағы үшінші бағыт ретінде көрінбек.

Мәселен, бір шығармасында: “Оқушылар жазумен *шұғыл*, мұғалім сабақ берумен *шұғыл*” деп жазады. Осындағы “шұғыл” сөзі “шұғылдануды” білдіріп тұрғаны белгілі, бірақ автор үшін жергілікті сипаты бар “шұғыл” мейлінше ыңғайлы болып шыққан. Және де осы сөзді өзге туындыларында да етістік мағынасында еркін қолданады. Сондай-ақ, “Табыспен *безену*”; “Ел күйін *бейнелеп* сұрай бастады”; “*Баспалап* сұрап жатыр”; “*Сына* ғана киініп” сөйлемдеріндегі көлбеу терілген сөздер де жазушы мұрасынан жиі кездеседі. Бұларды кез келген шығармасынан табуға болады әрі мағынасы да біршама ұғынықты.

Айталық, ол “*безенуді*” безелу, безеу түрлерінде де ала отырып, “безендіру”, “гүлдендіру”, “көркейту”, “жақсарту”

мағынасындағы сөздердің баламасы ретінде сын есім, етістік тұлғаларында пайдаланады. Ал “*бейнелен*” сөзі көбіне сұрау, айту сөздерімен қатар келіп, жан-жақты (кеңінен, таратып, бәрін қамтып) айту, сөйлеу, сұрау мәнінде көрініс береді. “*Баспалап*” болса, адамның сөйлеуіне қатысты жиі кездесетін етістік. Мағынасы “бастырмалату”, “бастырмалап жіберу”, “сөзбен төпеп-төпеп жіберу”, “аузын аштырмай, түйдек-түйдек айтып тастау” деген ұғымға сай келеді.

Жазушы көп қолданған әрі өзіне ғана тән сөзі – “*аяқсырау*”. Мұның мағынасы – мән берілмеу, аяқ асты ету, ұмытып кету, назар аудармау, аяқ асты қалды, аяқсыз тастады, аяқсытып алды дегенге келеді. Сол сияқты аяқтау, бітіру дегенді де білдіреді.

Және бір көп қолданған сөзі – “*бақа*”. Тілімізде осыған ұқсас “көк бақа” тіркесі бар екендігі белгілі. Ол әдетте тырбиған арық адамға, жылт етері жоқ арық малға байланысты айтылады. Бейімбеттің қолдануындағы “бақа” сөзі тапал, мықыр, аласа бойлы, тығыршықтай семіз адамға арналатын сияқты. Мысалдарды қарайық: “Арбадағының алдыңғысы домалақ бетті, көзі кішірек келген, *бақа қара кісі*”; “...*бақалау* келген қара қатын Күлшара жеңгей сөйлеп өліп барады”; “*Бақа* қайным амалын үйретті ғой”; “...қара бұжыр *бақа мұғалімді* көріп едім...”, “...портфелін сүйретіп *бақа өкіл* келді...”, т.б.

Тіліміздегі “өсіру”, “туындату” етістіктерінен жасалған “*балалану*” да жазушының жиі тұтынған сөзі. Ол “көбею”, “өсу”, “ұлғаю”, “арта түсу”, т.б. осы тектес ұғымдардың баламасы ретінде жиі көрінеді.

Осындай сөздің бірі “*бәйек*” деп ойлаймыз. Бұл тіліміздегі “бәйек болды” (жаны қалмай құрдай жорғалады, қызмет етіп, ілтипат көрсетті) деген тіркеске қатысты емес. Жазушы мұны “шөп шабатын алқап”, “мал жаятын өріс” деген мағынада алған. Анығында, солтүстік жақта шөбі қалың өскен шабындық жерді бұрын “бәйек” деп атаған. Бірақ ол қазіргі қолданыстан шет қалып барады.

Бейімбет мұрасынан “*бейнеусіз*” деген сөзді сын есім тұлғасында көбірек кездестіруге болады. Бұл да жиі қолданыла бермейтін әрі мағынасы екі ұшғылау сөз. Ал жазушы жазбаларына бойлағанда бұл сөздің “қалай болса солай”, “ретсіз”,

“кейіпсіз”, “кескінсіз” деген ұғымдарға сәйкес келетінін байқаймыз.

“Азамат сөзге, әзілге долаң, қулық білмейтін олақ көрінді” дейді жазушы бір шығармасында. Осындағы “*долаң*” жазушыға тиесілі, етене әрі көп қолданылған сөзі. Ол әдетте сөз сөйлеумен байланысты ұшырасады. Біздіңше, “долаң” — сын есім; орамсыз, сөзге шорқақ, икемі жоқ, ысылмаған деген сияқты мағыналарды білдіреді.

Жазушы “*екі оқтылану*” сөздерін жиі қолданған. Бұл — екі ойлы болды, дүдәмалданды, сенімсізденді, батылы жетпеді деген мағынаға сай келеді. Мысалдарға жүгінейік: “*Екі оқтыланып тұрғанда, сахнаға Мамық шыға келді...*”; “Хат жіберуге *екі оқты болған соң, мен демеп жібергем...*”; “...Ашар-ашпасын білмей, *екі оқтыланып бірсыпыра тұрды*”, т.б.

“*Жебе*” де жазушының жиі қолданған сөздерінің қатарына жатады. Әдеттегі ұғымда, жебе — найзаның немесе садақтың оғының ұшы. Бір нәрсені демеп жіберу, көтермелеу, жебеп жіберу мағынасында да айтылатыны мәлім. Бірақ, Бейімбет қолданысындағы “жебе” — зат есім тұлғасында, “мұрттың” мәндес ұғымы ретінде беріліп, нақты мәтінде “мұрттың ұшы, жиегі, шеті” мағынасында көрінеді.

Сондай-ақ, Б.Майлин шығармаларынан “*собал*” деген сөзді көп кездестіреміз. Әдетте, бос белбеу, ынжық адамды “собалақ” деп атайтыны мәлім. Шұбатылған, ұзын нәрсе “собалаң”, “собалаңдап” деп айтылып жатады. Ал Бейімбеттің “собалы”, міне адамның осы бойына қатысты қолданылады, оны “собалаң” сөзінің қысқартылған жергілікті түрі деп айтуға болады.

Бейімбет “*мубәда*” сөзін көбірек тұтынған. Бұл негізі араб сөзі. Ал өз тілімізде “сәті түсіп”, “реті келіп”, “алдажалда”, “егерде” сөздерінің мәндес ұғымы ретінде пайдалануға болады. Жазушы қолданыстары да осы орайда көбірек көрінеді.

Өз кейіпкерлерінің дауласа кетуге бейім, сөз салғыластырғыш, айтқан бетінен қайтпайтын қасиетін жиі қолданған “*өжелену*” сөзімен сипаттайды. Бұл да қазіргі тіл тынысында сирек ұшырасатын сөз. Орыс тіліндегі “*настойчивость*” сөзіне Бейімбеттің “*өжеленуі*” дөп келіп те тұрғандай.

Мәндес тұрғыдағы сәнді, сыпайы, сырбаз, әдепті, инабат-

ты, биязы, кішіпейіл ұғымдарын қаламгер бір ғана сөзбен “сыпа” деп келтіреді. Сөйтіп “сыпаны” сөзге де, бойға да, киімге де, мінезге де, дене бітімге де, бәрі-бәріне байланыстырады. Кейде “*сып-сыпа ғана*” деп қос сөз де жасайды.

Жеке сөздерді айтпағанда, оның жиі қолданған бірқатар тұрақты тіркестері, қос сөздері, қалыптасқан қолданыстары болды. Соның бірі — “*неше атасының ұлы*” тіркесі. Ол “сан алуан”, “неше қилы”, “әр түрлі”, “небір түрі”, “неше түрі”, т.б. осы сияқты мағыналарды жинақтайды. Бүгінде бұл тіркес көп қолданылмайды, оны Бейімбетпен замандас кейбір жазушылар еңбегінен де кездестіре аламыз.

Тұрақты қолданыстардың бірі — “*сау емеспін*” сөздері. Мына мысалдар арқылы мұның мағынасын айқынырақ ұғынуға болады: “Жәкемнің мінезінен мен де *сау емеспін*”; “Өндіріс өмірінен көлемді әңгіме жазудан да *сау емеспін*”; “...деген ойға түсуден де *сау емес ем...*”; “Қазақ қалқозына осы да жарар деп қол сілтеуден *сау ма екен?*...”; “Осы қатеден Бейнетқор ауданы да *сау емес...*”. Міне, жазушы осылайша жиі қолдана отырып, бұл ретте “мен де сондаймын”, “сол сияқтымын”, “сондай ойым да жоқ емес” деген тәрізді мағыналарды мақсат тұтқан деп білеміз.

Осы тәрізді қолданыс — “*тәу көру (ету)*”. “Тәу ету” тіркесінің нақты бір нәрсеге бас ию, табыну мағынасы бар. Ол әу баста, о баста дегенді де білдіреді. Бейімбеттегі “тәу көру” — алғашқы рет, тұңғыш рет, ілкіде, бірінші рет тәрізді тектес мағыналарды жинақтайды.

Ал жиі кездесетін “*үске шығару (үстін қылу)*” қолданысының жергілікті сипаты бар деп ойлаймыз. Бір нәрсені, иә адамды жоғары шығару, көтермелеу, абыройын арттыру деген мағынаны білдірерде жазушы жергілікті сипаты бар ауызекі сөйлеу мәнеріндегі осы сөздерді пайдаланады. Мұндай қолданысты Мағжан Жұмабаев мұраларынан да кездестіруге болады.

Жазушы шығармаларында жиі кездесетін қос сөз — “*оқта-санда*”. Мағынасы — анда-санда, аракідік, әлсін-әлі, оқта-текте, оқтын-оқтын деген қалыптасқан ұғымдарға сай келеді.

Жоғарыдағы тілге тиек болған жеке сөздер мен тіркестер — басқа тілдің байлығы емес, өз ана тіліміздің туындылары. Ұдайы қолданылмағандықтан да мағыналары көмескі тарта

бастаған. Бұларды сәтімен тұтынып отырсақ, сөздік қордың біршама молығатыны сөзсіз. Ал сөз — ортақ байлық, ол бір ғана шығармашының зертханалық мұрағаты болып қалмай, көпшілік кәдесіне айналуға тиіс.

Алайда Бейімбет Майлин қаламгер ретінде қолданған бірқатар жеке сөздер мен тұрақты тіркестердің табиғаты толық ашылып болды деп тұжыра алмаймыз. Ол бір өлеңінде: “...*Көп қатынға естігенін жыр қылды //Жиналып ап, су алатын ақпарда*” деп жазыпты. Бұл қай ақпар? Әдетте “ақпарды” оқығанда, “мәлімет, дерек” сөздері ойға оралады. Кейбір жерлерде үлкен кесені “ақпар кесе” дейді, жүйрік жылқыны “ақпар бие, ақпар ат” деп сипаттайды. Бірақ бұл жолы қазақ ұғымындағы “ақпар су” мағынасы ұсынылып отыр, демек Бейімбет жазған “су алатын ақпардың” астары — “ағын су” екен.

“*Жөнісулеу әйелі бар еді, оны 30-жылы жіберді...*” дейді жазушы “Қырманда” повесінде. Осындағы “*жөнісу*” көп қолданылмайтын сөз, дұрысы “*жөнсу*” бола ма деп ойлаймыз, “*жөн-су*” деп жазуға да болатын сияқты. Біздіңше, бұл — қарапайым, жұпыны, жөні түзу деген мағыналарды маңайлайтын диалект. Жазушының пайдалануында сын есім тұлғасында тұр.

Мұндай ерекшеліктер жазушы зертханасында аз емес. Зерттеу барысы бір кезде Бейімбет Майлин қолданған “*қағылмау*”, “*қалпетімен*”, “*қарқараға келу*”, “*нақырт*”, “*ниетқазы*”, “*әдді*”, “*шытша*”, “*нос беру*”, “*оқтың қиыны*”, “*сытығы*”, “*тинақымдай*”, “*шәрғез*”, “*шек алу*”, “*мәғәріш*”, “*тартыс*”, “*қопақардай*”, “*өз күнкіліңді өзіңе беру*”, “*той түсін алу*”, “*тәкірерлеу*”, “*шот емес*”, т.б. осы тәрізді сөздер мен тұрақты тіркестердің фразеологиялық һәм түсіндірме сөздіктерге еңбегенін, сол себепті көпшілік үшін бұлардың мағыналары жұмбақ қалып отырғанын көрсетеді.

Мына екі мысалға назар салайық:

“...Теріс қарамақ түгіл, “әдіра қал, бұ да адам болып, кісіге сөз айтпақшы ма екен?!” деп *нос та берді...*” (“Құрымбайдың жігітшілігі” әңгімесінен);

“...Енді болмаса өліпсің ғой” — деп Раушанға *нос берген...*” (“Айранбай” әңгімесінен).

Осындағы “*нос беру*” сөздерінің меселін қайтару, бетін

қайтару, айтқанын істемеу, т.б. осындай тектес мағыналарды білдіретіні сырт көзге көрініп-ақ тұр. Бірақ, “нос” дегенде жазушы орыс тіліндегі “мұрынды” айтып тұр ма? Мағынасына бойласаңыз, мұрыннан алыс та жатпаған сияқты, өйткені адамның меселі қайтып, тұмсығы тасқа тиетін сәт елестейді. Соған қарағанда, “нос беруді” орыс сөзінің ықпалымен жасалған жергілікті қолданыс бола ма деп жобалаймыз.

“Қағылмау” — сирек кездесетін сөз, жазушы шығармаларында бұл “біреуге тиіспеу” мағынасында пайдаланылған. Әсіресе, “Қызыл жалау” романында бірнеше рет кездеседі.

“Қалпетімен” сөзі мәтіндердің мазмұнына қарағанда, “дағдысымен”, “әдетімен” деген сөздердің баламасы ретінде пайдаланылған тәрізді. Мәселен, Майлин мұрасында мынадай жолдар бар: “Қалпетімен сынған терезеге тақтай шегелеген де...”; “Төбенің басын қалпетімен алып қыбырлап отырған мына жұрттың...”; “Белес басын қалпетімен алып отырған...”, т.б.

“Бір аяғының нақырты бар, сонысын білгізбеймін деп, жүргенде аяғын жорғалап басады” дейді “Қоңсылар” романында. Осындағы “нақырт” көп қолданылмайтын сөз, мұны аяғын сылтып басу, кемтарлық деген сөздердің мәндесі ретінде пайдалануға болатын сияқты.

Сиректеу кездесетін сөздің бірі — “сытығы”. “Колхоздан шығамын деп отырған осы 12 үйдің ішінде сытығы бар ма?...” дейді “Таңба” әңгімесінде. Мұның мағынасын біз “кемі бар ма?” дегені деп жорыдық.

“...Байғұл шал басын шайқап, “қамдану” деген сөзді әлденеше тәкірлерді...” Бұл — “Сот алдында” әңгімесінен үзінді. Осындағы “тәкірлерлеу” түбі тәптіштеуде, пысықтауда, қайталауда жатқан тәрізді.

Бейімбет шығармаларында “тартыс” деген сөз жиі ұшырасады. Әдетте тартыстың мағынасы көп. Ол күрес-айқас, талас-тартысты да, бір нәрсені тарыту дегенді де білдіруі мүмкін. Бірақ жазушы қолданысындағы “тартыс” — отырмақ, жиын, кеш, қонақасы, бас қосу, т.б. осы тәріздес ұғымдарды айқындайтын зат есім тұлғасындағы жергілікті сөз екен. “Тартысқа жиналған бозбалалардың сорпаға шығарлары осында...” деп жазылған “Бір адым” әңгімесінде.

Жазушы қолданымындағы “тасқаяқтай қақтыру” сөзі әдетте ауызекі тілде “тасқаяқтай қағыстыру” (соғыстыру) тура-

сында жиі кездеседі. Түпкі мағынасы бірді бірге шағыстыру, айдап салу, ұрып-соғу дегенді білдіреді. Атақты “Қара шелек” әңгімесінде “Жайшылықта үйге сөйлей кіріп, асыр салған балаларды *тасқаяқтай қақтырушы еді...*” деген жолдар бар. Мұның дұрысы — “тас аяқтай қағыстыру” бола ма деп ойлаймыз.

Сол сияқты “*тәкірерлеу*”, “*тәңірге жазу*”, “*тәу көру*” сөздерінің де бүгінгі қолданыста жиі кездеспейтіні анық. Мұның біріншісі — тәптіштеу, қайталау, пысықтау мағынасына сай келеді; екіншісі — жазықты болу, күнәлі болу дегенге саяды; ал “тәу көру” бір нәрсеге табыну, бас ию деген бастапқы мәніне қарамастан, жазушының қолданымында үнемі “алғашқы рет”, “тұңғыш рет”, “іlkіде”, “бірінші рет” тұлғасында кездеседі.

Бір шығармасында мынадай сөйлем бар: “...Сонда сол кемпірге *тинақымдай* жазығы болса екен-ау!..”. Біздіңше, “*тинақымдай*” — тинақтай, кішкентай, титтей, биттей, киттәй деп әр жерде әр түрлі айтылатын сөздің үйіріне қосылуға тиісті, солармен мәндес сөз.

“*Шәрғез*” сөзі жұқа, нәзік деген мағыналарды білдіргенімен, жазушы мұны кейде “шәлкес” сөзінің синонимі ретінде де қолданған. Мысалы, “Әпенге қарағанда бұл дене жағынан *шәрғез...*”; “Сақыптың мінезі *шәрғез* болғандықтан...” деген жолдарды жазушы еңбектерінен кездестіруге болады.

“*Қобы*” да көп қолданылмайтын сөз. Тілдегі мағынасына жүгінсек, ол — кең, жайпақ, астау тәрізді ойпаң жерді, сай, аңғарды білдіреді, сонымен бірге ағашқа, т.б. заттарға ойып өрнек салуға арналған аспап та “қобы” деп аталады екен. Бейімбеттің жазуынша, “...бүртіктенген жас көз жанарынан домалап, бетінің *қобысын* қуалай жөнелді...” немесе “Бес қашқын ауылдың жанындағы *қобымен* сыдыртып, Алпан сайына бет алды...”. Демек, жазушы екі мағынада: сай ұғымында және адам бетінің терең әжімдері түрінде алған. Бұл да кәдеге асыруға лайықты сөздің бірі.

“Қырманда” повесінде: “...Уақиғаның түрі тұзақша ілгешектеніп, *қарқараға келіп* қалған секілді-ау...” деген сөздер кездеседі. “Қарқарадай” деп әдетте қоқиған, биік ұғымын беретіні белгілі. Ал “қарқараға келу” — әңгіменің ұшығына жеткенін, жеріне жеткенін білдіріп тұр. Бүгінде бұл тіркес ұдайы қолданыста емес, егер сәтімен пайдаланса, мәндес ұғымдарды алмастыруға жарап та қалар еді.

Тіліміздегі ойда жоқта, кенеттен, лезде деген ұғымдарды білдіргенде жазушы *“оқтың қиынындай”* деген тіркесті пайдаланыпты. Мұның нақты мысалы жазушы мұрасынан аз кездеспейді.

Көп те көлемді мұра қалдырған Бейімбет Майлин қолданған, бірақ тілдік айналымға дендеп ене алмай жатқан әрі беймағыналы басқа да көптеген сөздер мен тіркестер жоқ емес. Жазушының өзіне ғана тән қолданыстарын, тілді байытуға қызмет ететін өзге де қайырымдарын қайта сапқа тұрғызу — ортақ борыш екендігі сөзсіз.

Түп-төркіні сыпталып болмаған деп санайтын кейбір сөздер мен тіркестерге түсінік беруге талпынған бұл жолғы әрекетіміз дербес пікір аясында ғана өрбіді. Ол жазушы зертханасының белгісіздеу бір бүйірін шым-шымдап ашу ниетінен туды. Мүбәда, айтылған жайттарға қатысты өзге де ойлар туып, орынды уәж ұсынылып жатса, мұны бек жарасымды әрі тіл сияқты дамуға негізделген тірі организмге тілекшілік деп қана қабылдар едік.

* * *

“ШҰҒА”, “ШОҒА” ЖӘНЕ...

XX ғасырдың 20-жылдарында жарық көрген “Лениншіл жас” журналының көне нөмірлерінің бірінен “Шұға” деп қол қойылған “Болсаң болаттай бол” (1925, N 1-2, 24-б) деген әңгімені кездестірдік. Әрине, алғашқы сәтте-ақ “Шұға” деп Бейімбеттен басқа кім жазушы еді деп, белгілі жазушының белгісіз еңбегіне жолыққандай айрықша қуаныш бойды билеп сала берген. Алайда қанша “Шұға” болса да, әрі қарай оқи түскенде, автордың сөз саптауын Бейімбет Майлин қаламының дәстүрлі ізіне мүлде жақындастыра алмап едік.

“Жаңа өдебиет” журналының 1928 жылғы тұңғыш нөміріндегі “Мырзалар” деген әңгімеге тағы “Шұға” деп қол қойылыпты. Бұл жолғы “Шұғаның” қолтаңбасы да Майлиннің жұрт білетін жазу мәнеріне мүлде ұқсамайды. Бірақ бүгінде марқұм болған, аты мәлім зерттеуші ағамыздың бірі дәл осы “Шұғаны” Бейімбет Майлиннің бүркеншік есімі деп жазғанда, одан көріп екінші ізденуші де солай іліп әкеткенде, ойланбасқа шара қалмады. Мұның арғы жағында “М”-ны көрсе Майлин деп, “Б”-ны көрсе, Бейімбет деп, газет-журналдарда жарияланған белгісіз дүниенің бәрін Бейімбет Майлинге жапсыра беретін ескі басылымдардың ернеуі де ашылмаған кезеңдегі бүркеншік есім сырына бойлап болмаған үстірттік жатыр еді.

Әдетте “Шұғаны” Бейімбетке телушілер жазушының қазақ өдебиетіне “Шұғаның белгісі” сынды біртуар шығарманы алып келгендігі үшін солай ойлайды. Шұға – Бейімбеттің төл кейіпкері, ол соған ғана тиесілі болуы керек деп түсінеді. Сонда “Шұға” кім? Бейімбет пе, басқа ма?

Тағы да баспасөз мысалдарына жүгінейік.

1922 жылы “Қызыл Қазақстан” журналында “Ж” деген бүркеншік есіммен жарық көрген “Нағима” атты әңгіменің авторы жазушы Жиенғали Тілепбергенов деп осы күнге дейінгі көптеген зерттеу еңбектерде жазылып келеді. Бұл әңгіме 1969 жылы профессор Т.Кәкішев құрастырып, “Жазушы” баспасы шығарған Ж.Тілепбергеновтің “Ізбасар” атты жинағына енді.